

Маңғыстау облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттарын бекіту туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 100 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 мамырда № 2715 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Автомобиль жолдары туралы» 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Маңғыстау облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен ш а р т т а р ы б е к і т і л с і н .

2. «Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі (Ө.С. Бисақаев) осы қаулының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналасуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары С.Т. А л д а ш е в қ а жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Облыс әкімі

А. Айдарбаев

« К Е Л І С І Л Д І »

«Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің б а с ш ы с ы
Ө . С . Б и с а қ а е в

14 сәуір 2015 жыл

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2015 жылғы 20 сәуірдің № 100
қаулысымен бекітілген

Маңғыстау облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттары 1.

Жалпы ережелер

1. Маңғыстау облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттары «Автомобиль жолдары туралы» 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген.

2. Сыныптау тәртібі және шарттары

2. Автомобиль жолдары геометриялық параметрлеріне, сондай-ақ жол жүрісінің жиілігіне қарай автомобиль жолдары саласындағы техникалық регламенттерге сәйкес с ы н ы п т а с а д ы .

3. Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолын пайдалануға қабылдаған күннен бастап жиырма күннің ішінде жергілікті атқарушы орган мемлекеттік уәкілетті органға облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесіне автомобиль жолын енгізу туралы материалдарды келісуге жібереді.

Жіберілетін материалдар автомобиль жолы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдалануға қабылдағанын растайтын құжаттарды , автомобиль жолының атауы мен индексі туралы мәліметтерді, сондай-ақ облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының ти і с т і т і з б е с і н қ а м т у ы т и і с .

Мемлекеттік уәкілетті орган ұсынылған құжаттарды жиырма күннің ішінде қарайды . Автомобиль жолын кейіннен облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесіне енгізу үшін жергілікті атқарушы органына жазбаша келісім жіберіледі.

Автомобиль жолын облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесіне енгізу үшін жергілікті атқарушы органдарға келісуге материалдар толық мәліметтерсіз және/немесе осы тармақта көзделген құжаттарсыз ұсынылған жағдайда мемлекеттік уәкілетті орган барлық кемшіліктерді жою үшін өтінішті қайтарады.

3. Автомобиль жолдарының атаулары және индекстері

4. Қазақстан Республикасының жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының атауы мен индексі болуы тиіс.

Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының атауына бастапқы және соңғы елді мекеннің, қажет болған жағдайда аралық мекендердің атауы кіреді.

Автомобиль жолдарының индексіндегі цифрлар индекс әріптерінен кейін дефис арқылы беріледі.

5. Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының индексі латын әліпбиінің әріптерінен және цифрлар тобынан тұрады.

Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолы индексінің бірінші әрпі «К» – мен белгіленеді.

Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының индексіндегі келесі әріптері жолдың әкімшілік-аумақтық бірліктеріне тиесілігі бойынша, кестеге сәйкес белгіленеді: бұл жағдайда Маңғыстау облысы бойынша индекс «R» әрпімен белгіленеді.

«KR» әрпінен кейін индекстің келесі әрпін меншіктеу кестесі

№	Маңғыстау облысы аудандарының (қаласының) атаулары	Индексіндегі әріптің атауы
1	Маңғыстау ауданы	MG
2	Қарақия ауданы	KG
3	Бейнеу ауданы	BG
4	Түпқараған ауданы	TG
5	Мұнайлы ауданы	MU
6	Жаңаөзен қаласы	GU

Автомобиль жолы екі және одан да көп әкімшілік-аумақтық бірліктер арқылы өткен жағдайда облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерге тиесілігі бойынша индекстің бірінші әрпінен кейін әріптер әліпбилік тәртіппен меншіктеледі.